



# Акциз



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**  
ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005

## Сұрақтар мен жауаптар

### 1) Акциздерді төлеушілер кімдер?

Акциздерді төлеушілер болып – акциздеуге жататын тауарларды өндіретін немесе Қазақстан Республикасы территориясында акциздеуге жататын іс-әрекеттерді жүзеге асыратын, акциздеуге жататын тауарларды Қазақстан Республикасы кеден территориясына шет елден алып келетін жеке және заңды тұлғалар табылады.

#### Акциздеуге жататын тауарларды

- спирттың барлық түрі
- алкогольді өнімдер
- табак өнімдері және құрамында табагі бар өзге де өнімдер
- бензин (авиациялық бензиннен басқасы)
- дизельді отын
- жеңіл автокөліктер (арнайы мүгедектерге арналған қолмен басқарылатын автокөліктерден басқалары)
- шикі мұнай
- газ конденсаты

#### Акциздеуге жататын іс-әрекеттер

- ойын бизнесі
- лотереяларды ұйымдастыру мен өткізу

### 2) Акциз салынатын нысандар нелер?

Акциз төлеушінің жасаған және (немесе) алған және (немесе) құйған акциз алынатын тауарлармен жүргізген операциялары: акциз алынатын тауарларды берушілік (давалдық) негізінде сатуға немесе қайта өңдеуге жіберуі, жарғылық капиталға үлес қосу, табиғи төлем жағдайында акциз алынатын тауарларды қолдану, тауар өндірушінің өзінің құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын акциз алынатын тауарларды түсіру, тауар өндірушінің өз өндіріс мұқтаждықтары үшін өндірген жасаған және (немесе) алған және (немесе) құйған акциз алынатын тауарларды қолдануы, бензинді (авиациялық бензиннен басқасын) және дизельді отынды көтерме бағамен сату, төркіленген және (немесе) иесіз, мұра негізінде мемлекетке өткен және қайтарымсыз мемлекет меншігіне берілген акциздеуге жататын тауарларды сату, ойын бизнесі саласында жұмыс жүргізу, лотерея ұйымдастыру мен өткізу, акциздеуге жататын тауарларды, акцизды маркаларды бүлдіру, жоғалту.

### 3) Акциз мөлшерінің салықтық базасы қалай анықталады?

- Нақты акциз мөлшерлемесі (табиғи шамада) – салық базасы табиғи шамадағы өндірілген, сатылған акциздеуге жататын тауарлар көлемі ретінде анықталатын акциздеуге жататын тауарларға қолданады.
- Акциздардың адвалорлық мөлшерлемесі (%-да) - салық базасы өндірілген, сатылған акциздеуге жататын тауарлар құны ретінде анықталады. Бұл акциздеуге жататын тауарлар құрамына акциздар және қосымша құн салықтары қосылмаған, тауар өндіруші осы тауарларды сол бағамен жеткізіп беретін, құнымен анықталады.



- Импортталатын акциздеуге жататын тауарлар – салық базасы табиғи көріністегі импортталған акциздеуге жататын тауарлар көлемі бойынша қатты акциз мөлшерлемесіне қарай және сондай-ақ, акциздардың адволаттық мөлшерлемесіне қарай анықталады, салық салынатын база - импортталатын акциздеуге жататын тауарлардың кедендік құны ретінде анықталады. Мұндағы импортталған акциздеуге жататын тауарлар Қазақстан Республикасы кеден заңына сәйкес анықталады.
- Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүзеге асыру барысында – салық салынатын база, жүлде қорына кіретін сомманы алып тастағандағы, лотерея билеттерін сатуға шағармай тұрып, және оның құнына акциз соммасын қоспай, салық органдарында тіркеу барысында лотереяны ұйымдастырушының өзі баяндаған кіріс соммасы ретінде анықталады. Лотереялық билеттің шыққаны тіркелгеннен кейін өзгерту мүмкін емес.
- Ойын бизнесі бойынша – акциз соммасын есептеу, салық кезеңінде салық алынатын нысандар көлеміне қарай бекітілген акциз мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

#### 4) Акцизды есептеу тәртібі қандай?

Акциз соммасын есептеу бекітілген акциз мөлшерлемесін салық базасына қолдану арқылы жүргізіледі. Акциз мөлшерлемесін Қазақстан Республикасы үкіметі бекітіеді.

#### 5) Акциздарды төлеу мерзімі қандай?

- Акциздеуге жататын тауарлар үшін - салық кезеңінің алғашқы он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың он үшінші жұлдызында; салық кезеңінің екінші он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың жиырма үшінші жұлдызында; салық кезеңінің қалған күндерінде жасалған операциялар бойынша есеп беру айынан кейін келетін айдың үшінші жұлдызында.
- Берушілік (Давалдық) шикізаттан және материалдардан жасалған акциздеуге жататын тауарлар үшін - өнімді тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші нұсқаған тұлғаға берген күні.
- Қазақстан Республикасының территориясында алынған шикі өңделмеген мұнайды, газ кондетсатын өндірістік қайта өңдеуге беру барысында – оны беру барысында.
- Импортталған тауарлар үшін – Қазақстан Республикасы кеден заңы кеден төлемдерін өтеу үшін анықтаған күні.
- Маркировкаға жататын импортталған акциздеуге жататын тауарлар үшін – акцизды маркаларды алған күнге дейін немесе алған күні.

#### 6) Қандай салық кезеңі бекітілген?

Күнтізбелік ай.

#### 7) Салық декларациясы қашан өткізіледі?

Әрбір салық кезеңі аяқталған кезде салық төлеуші өзі тіркелген жерде орналасқан салық органдарына акциз бойынша декларацияны, салық кезеңінен кейін келетін айдың 15-жұлдызына дейін тапсыруға міндетті.



## Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 9

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



## СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

*Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!*

---

### Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
  - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
  - Салық есебін құру және тапсыру
  - Қаржыны жоспарлау
- 

*Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.*

*Байланыс адресі:*

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева  
«СодБи» Бизнес-инкубаторы  
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент  
Тел. +7 (3252) 570378, 512003  
e-mail: [l.ismatullayeva@sodbi.kz](mailto:l.ismatullayeva@sodbi.kz)  
Веб-сайт: [www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)*

